ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ






# ҚОСАРАЛ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

# ҮЛГЕРІМ – ТӘРТІП – МЕКТЕП ФОРМАСЫ

## ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ



### БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

-ішкі тәртіп **ережелерін,** білім беру ұйымының **Жарғысын** сақтау;
-басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
-тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
-физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.



### САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

-сабаққа кешікпеу;
-кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

### ОҚУДА:

-оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

### МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау.




## ІШКІ ТӘРТІП БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

1) тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады

2) тәртіп бұзушылар мектепішілік есепке (БЖТ) алынады

3) тәртіп бұзушылық кайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады

4) қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі

# ҚОСАРАЛ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ МЕКТЕП ФОРМАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту» туралы бұйрығымен бекітілген мектеп формасына қойылған талаптары басшылыққа алынды.



# МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес **АТА-АНАЛАР** мен өзге де заңды өкілдер:

- **білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді;**
- білім беру саласындағы уәкілетті орган **белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға;**
- білім беру ұйымында белгіленген **киім нысанын сақтауға;**
- балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

2.ҚР **«Білім туралы»** Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында **ОҚУШЫЛАР** білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

3.Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, ата-аналар мен оқушылардың міндеттері мектеп **Жарғысында**, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы **келісімдерде әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген**.

4. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес **ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдеріне** білім беру саласындағы **заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда** ескерту немесе айыппұл **салынады.** Ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындамағаны үшін мектеп әкімшілігі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

## БІЛІМ ТУРАЛЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
**2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ ЗАҢЫ**

**5 БАП**
39
**тармақы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін **міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.**

**№26**
**Бұйрық**

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРДАҒЫ 26 БҰЙРЫҒЫ

**5** тармақ — Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі

**6** тармақ — Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі

**7** тармақ — Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді

**13** тармақ — **Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды**



## ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- шалбар*,
- мерекелік жейде,
- күнделікті жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска
- **қысқы мезгілде:** трикотажды жилет, водолазка.



* ұлдарға арналған шалбарлар еркінтігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады

## ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- юбка,
- шалбар*,
- классикалық жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска.
- **қысқы уақытта:** трикотажды жилет, сарафан, водолазка.



* қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады


БІЛІМДІ БОЛАМЫЗ!
Әсемпаз болма әрнеге,
өнерпаз болсаң арқалан.
Абай

